



20 қыркүйек, сәтсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

3 Бақылау босаңсымайды!



4 Аханьң Ақкөліне барғанда



5 Шиелінің фотошежірешісі



6 Триологияның ақыры



ПРЕЗИДЕНТ

ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Нью-Йоркке сапары Citi, Goldman Sachs, NASDAQ, Auerbach Grayson & Company LLP, Franklin Templeton, Brightlight Capital, AllianceBernstein, Jefferies Financial Group, Luxor Capital Group, Paine Schwartz Partners LLC, New Silk Road Forum, Robotti & Company Advisors, TPG Capital, Grupo Los Grobo сияқты жаһандық қаржы институттарының жетекшілерімен кездесуден басталды.



Қасым-Жомарт Тоқаев америкалық қаржыгерлерге еліміздегі ауқымды саяси және экономикалық реформалар туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы бұл маңызды өзгерістердің қаржы-экономика секторына ықпалы тұрғысынан мәні зор екенін айтты.

дегенді білдіреді, – деді Президент. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканың маңызды секторларында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы Қазақстанның мүмкіндіктеріне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен ынты-

мақтастықтың перспективаларына тоқталды. Президент Қордың активтерін жекешелендіруге байланысты жаңа мүмкіндіктер ашылатынын айтты. Сондай-ақ, Президент энергетика, жасыл экономика, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы салаларындағы еліміздің зор әлеуетіне,

сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығында жасалған қолайлы жағдайға назар аударды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Үкіметі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда америкалық іскер топтарға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді.

«Халықтық IPO»: Әрбір қазақстандықтың акционер атануға мүмкіндігі бар

«Халықтық IPO» – қор нарығының дамуы үшін қолайлы бастама. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық компанияларды IPO-ға шығарудың маңыздылығын атап өтті. Мемлекет басшысы өз Жолдауында «Халықтық IPO» бағдарламасы қайта іске қосылғанын мәлімдеді. Осы ретте Президент Үкіметке нысандарды сатуға қоғамдық мониторинг жүргізудің тетіктерін әзірлеуді тапсырды. «Халықтық IPO» бағдарламасын қайта жаңғыртып, акцияларды, ең алдымен, жеке тұлғаларға, яғни, Қазақстан азаматтарына сату керек. Еліміздің әрбір азаматында ұлттық байлықтың бір бөлігін иелену мүмкіндігі болуы қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бибілат СӨТЖАН, «Сыр бойы»

3-бет

ҚАЛА КҮНІ

Ырысты, күрішті ҚЫЗЫЛОРДА



Биыл Қызылорда қаласы күнін мерекелеудің мәні ерекше. Түрлі форматтағы іс-шаралар бір ай бойы өткізіледі.

Сенбиде «Сыр Ана» монументі алаңында 10 мыңнан аса тұрғынның қатысуымен «Ауылым – берекенің ақ бесігі» атты этнобағыттағы іс-шара өтті. Табиғат та қарасқандай, күн шуағын молынан төгіп, жаңға жайлы болды. Ерекше безендірілген монумент маңы мерекелік көңіл күйі сыйласа, әуелден ән-жыр шаттыққа бөлегендей. Ал, бұл айтулы мерекелік даманың «Сыр Ана» монументінде ұйымдастырылуы жақсылық пен молшылыққа үндейтін мәні бар екенін де атап өткен абзал.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, айтыскер-ақын, Гиннестің рекордтар кітабына енген «1000 күбі» жобасының авторы Аманжол Әлтаев, «Хабар» агенттігі АҚ басқарма

төрағасы Берік Уәли, қала әкімі Асылбек Шәменов және зиялы қауым өкілдері қатысқан іс-шарада «Абай-Дәулет» ЖШС-нің қолдауымен 40 қазан күріш басылып, палаушылар сайысқа түсті.

Аймақ басшысы қызылордалықтарды қала күнімен құттықтап, күрішті аймақта палаушылар сайысын ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі бар екенін тоқталды.

– Баршаныңды Сыр өңірінің бас шаһары – Қызылорда қаласының күнімен шын жүректен құттықтаймын! Қызылорда – тарихи астана, ұлтым деп соққан ұлы жүректердің, Алаш арыстарының ізі қалған қасиетті жер! «Қала күні» мерекесін тойлау әрбір жерлесіміз үшін маңызды әрі мерейлі сәт деп санаймын. Бір ай көлемінде түрлі сипаттағы ауқымды іс-шаралармен жалғасатын думанды басқосулар берекелі күздің «Алтын дән» мерекесімен сабақтасады. Бүгін, міне, өздеріңізбен бірге аймақтағы «Сыр Ана» монументі алаңында есте қалар ерекше шарада бас қосып тұрмыз. Ақ күріштің аймағы атанған айтулы Сыр елінде палау пісірушілердің басын қосқан үлкен сайысты этноауыл форматында ұйымдастырудың символикалық мәні бар деп санаймын, – деді Н.Нәлібаев.

2-бет

ЕГІН-2022



Суреттерді түсірген Нұржан Құсбаевті

«Бесарықтың» берекесі

– Егіншіге күн жаумағаны керек. Әрине, жаңа комбайн анау-мынау ылғалды, таңғы шықты елей бермейді. Бәрібір жаңбыр жауып, ауы райы бұзылмаса дейміз ғой, – деді біз кездескен егін бригадирі. Солай деген ол іле, бізге жақын келген «CLASS» маркалы комбайн жүргізушісіне қолмен ымдай нұсқау беріп жатты. Сірә, оның бункері дөңге толса керек. Мұнан соң аядайда өз кезегін күткен тасымал көлігін дауыстап шақырды. Сойтті-дағы құнқағар қалағын алып, онысымен маңдай терін сүртті. Бізге қарап қайта сөйлейді. – Айып кетпе, інім, жұмыс қызып жатыр, көріп тұрсыңдар. Қарбалас уақыт қой бұл өзі. Өзім шаруашылықтағы 3-бригаданың жетекшісімін. Жаз бойы өзімнен бірге 8 күрішшіге жүктелген 225 гектар жер бар. Күтіп-баптадық, қазір гектарына 72 центнерден айналып жатыр...

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

Бұл Сырдария ауданына қарасты «Бесарық» ауылындағы шаруашылық. Ауыл атымен аттас «Бесарық» ЖШС егіндігі. Бізбен тілдескен Нұрлан Қадірбергенов осында 6 жылдан бері бригадир болып жұмыс істейді.

– Жылдағы нәтижеміз тәуір. Нағыз егіншілер, оның ішінде үздіктер қатарынан көреміз-ау деген азаматтар бар. Бұл жерде өз жұмысын сүйіп, егін егудің мән-жайын терең ұққандар ғана мол астық жинай алады. Солай озат атанады. Бүгінде шаруашылықтың мақтаншытары Бауыржан Әппақов, Еділ Онолбаев, Шарапат Боданов сияқты жігіттер 80 мен 90 центнер аралығында өнім жинауда. Тіпті, межесін одан да асыратын азаматтар бар. Егін әлі жиналуда, оның да қорытындысы аз күнде белгілі болмақ. Бір қуанарлығы, биыл егін бітік. Дикандардың еңбегі ақталып отыр, – деді ағынан жарылып.

3-бет



НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

«ҚЫЗЫЛОРДА – ЖЕЗҚАЗҒАН» ЖОЛЫНДА не жаңалық?

Қызылорда мен Жезқазғанды байланыстыратын күрежолды жөндеп, қайта жаңғырту мәселесі көп жылдан бері көтеріліп, қоғам тарапынан жиі талқыланып келгені белгілі. «Қызылорда – Павлодар - Успенка және Ресей шекарасы» деп аталатын республикалық маңыста не бұл автомобиль жолының дұрысталуы тек бұл екі өңірдің ғана емес, ел экономикасының өркен жаюына оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Үлкен жолдың жаңғыруы оңтүстік өңірдің орталық және солтүстік облыстармен тікелей қарым-қатынасын жақсартып, жүк тасымалдауды барынша жандандырады.

Ыдырас ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Алайда, жолдың қазіргі жай-күйін автокөлікпен жүріп өткендер аса қызығалыспен жеткізетіні белгілі. Күз бен көктемнің жаңбырлы лайдан кездері, қысқы бораны мен дауылында жолда қалып, далада қонып қалған бейнет шегушілер қаншама.

Талай жылдан бері айтылып, жоспарға енгізілгенімен экономикалық дағдарыс салдарынан басқа да маңызды мәселелерге орай үнемі кейінге шегеріліп келген «Қызылорда-Жезқазған» жолының құрылысын бастау туралы Үкіметтің 2020 жылдың соңында шығарған шешімін ел қуана қарсы алған еді.

2-бет





Ырысты, күрішті ҚЫЗЫЛОРДА

Күріштің ордалы отаны – Сыр елі ақмаржан өндіруден алдыңғы шепте тұрады. Биыл аймақтағы су тапшылығына қарамастан, өнім көлемі қысқартылған жоқ. Егін шаруашылығын әртарап-тандыруға байланысты, Украина ғалымдарымен бірге ауыл шаруашылығы дақылдары сорттарын өңірде тәжірибе ретінде егуді қолға алу көзделуде.

Кейінгі жылдары Қызылорда қаласының аумағы кеңейіп, архитектуралық кескін-келбеті жанарып, демографиялық өсім нәтижесінде жаңа ықшам аудандар бой көтеріп келеді. Биылдың өзінде облыс орталығында бұрын-соңды болмаған заманауи үлгідегі жаңа нысандар салу қолға алынды. Облыс әкімі бас шаһарда атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды.

Аз уақыттың ішінде өңірге 20 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл – үлкен мүмкіндік көзі. Сүйікті қаламыздың өркендеуіне тілектес, шынайы жанашыр, меценат азаматтарымыз ортақ іске бірігіп, әлеуметтік нысандар салу ісіне демеушілік танытып келеді. Таяуда ғана ел ағаларымен бірге жаңа неке сарайы, өнер орталығы, сол жағалаудың бойынан қан орталығының құрылысын бастадық. Келер жылы 100 келушіге арналған емханасымен бірге 300 төсектік көпбейінді аурухана құрылысын саламыз. Мұнан бөлек, қала аумағын жылу және электрмен толық қамтамасыз ететін қуаттылығы 240 Мегаватты құрайтын бу-газ орталығы құрылысының қабулы салу рәсімін өткіздік. Жобаның жалпы құны – 215 млрд теңге, «Акса Энерджи» түрік компаниясы іске асырады. Ерекше айтуға тиіспіз, жаңа жылу-электр

1-бет



станциясын салу туралы шешімге келу тәуелсіздік алған жылдары инвесторлардың қаржысына салынатын ең ауқымды теңдессіз жоба ретінде тарихта қалады, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Салтанат сахнасында сондай-ақ, Аманжол Әлтаев Сыр жеріндегі думанды іс-шараның мән-маңызы ерекше екенін айтып, қызылордалықтарды мерекемен құттықтады.

– Дарияның қос қанатына қоныстанған Қызылорданың қала күні мерекесі құтты болсын! Сырдың ақ күрішін ойымызға алған кезде күріштің атасы Ыбырай Жақаев жүрегіміздің төрін орын алады. Ыбырай атамның жолын жалғап, баба аманатын арқалаған дикандар үлкен еңбек көшінің басында келеді. Сыр елінің күріші – байлықтың, берекенің белгісі. Бүгін 40 қазанға палау пісіріп, елдің берекесі молая түссе екен

деген игі бастама қолға алынған екен. Елдің берекесі тарқамасын, ырысы ортаймасын, – деді А.Әлтаев.

Этноауыл форматындағы іс-шарада ақ күріштің атасы атанған Ы.Жақаевтың «Күріш туралы толғанысынан» үзінді көрсетілсе, ұлттық дәстүрді насихаттайтын ауыл жастарының алтыбақан астындағы көңілді кешінен көрініс ұйымдастырылды. Жамбы ату, қол күресі секілді ұлттық спорт ойындары ойналды. Теріден, ағаштан жасалған ұлттық қолөнер бұйымдарының көрмесін де көпшілік қызыға тамашалады. «Әжелер ансамблі» әулетінен әсем әндер, жас жыршылар орындаған жыр-термелер іс-шара мазмұнын байыта түсті. Мерекелік шара «Бауырсақ PARTY», «Шұбат-қымыз FEST», «Қауын-қарбыз FEST» фестивалдарымен жалғасты. Жоғарыда айтып өткеніміздей, думанды шарада «Абай-Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаевтың демеушілігімен түрлі күріш сорттарынан бір мезетте 10 мың тұрғынға арналған 40 қазан күріш басылып, палаушылар сайысы ұйымдастырылды. Сайысқа қатысуға 300-ден астам адам ниет білдіріп, өтінім берген. Соның ішінде 40-ы қатысты. Нәтижесінде бас жүлдені Алматы қаласынан келген аспаз Әмір Тәжібаев жеңіп алса, бірінші орынды қызылордалық Бауыржан Баймағанбет иеленген. Екінші орын екі қатысушыға берілсе, үшінші орынды да екі аспаз өзара бөлісті. Жеңімпаздарға ашқалай сыйлықтар табысталды. Қалған қатысушыларға да 10 мың теңгеден берілді. Белгілі әнші Мөлдір Әуелбекова, Жігер Ауыпбаев бастаған өнерпаздар ән-жырдан шашу шашып, мереке көрігін қыздырды.

Аудан жаңалықтары



АНАЛАР ФОРУМЫ

АРАЛ

«Мәдениетті ана, мәдениетті ұлт» жобасы аясында облыстық аналар кеңесінің «Сыры мен сыны бөлек Сыр аналары» атты аудандық әйелдер форумы өтті.

Аудандағы ақ жаулықты әжелер, аяулы аналар мен ақжарқын арулардың басын қосқан форум ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар сахналанған көріністерден бастау алды. Барлық саладағы нәзікжандыларды бір арнаға тоғыстырған басқосуды аудан әкімі Серік Сермағамбетов ашып, бүгінгі қоғамдағы әйел орны туралы пікірін білдірді. Бастамаға қатысқан Батыр аналар, еңбек ардагерлері өнегелі өсиет айтып, жиын соңы пікір алмасуға ұласты.

ӨРТ ДЕР КЕЗІНДЕ СӨНДІРІЛДІ

ҚАЗАЛЫ

Теміржол тұйығында тұрған «Sinooil» ЖШС-на тиесілі сұйық отын толтырылған цистерналардан өрт шықты.

Өрт аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мен өрт сөндіру қызметі қызметкерлерінің күшімен сағат 13:35-те оқшауланып, толық сөндірілді. Адам шығыны жоқ.

Оқиға орнына аудан әкімі Мұхтар Оразбаев тиісті сала басшыларымен барып, жағдайды бақылауға алды. Қазір өрттің шығу себебін төтенше жағдайлар бөлімі мамандары мен полиция қызметкерлері анықтап жатыр.

АУДАНЫҚ АШЫҚ БІРІНШІЛІК

ҚАРМАҚШЫ

Ү.Томанов атындағы №183 орта мектебінің спорт залында гандболдан әйелдер арасындағы аудандық кубок өз мәресіне жетті.

Аудан тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шара гандбол ойынын кең көлемде дамытып, аудан жастарын дене шынықтыру және спортпен айналысуға тарту мақсатында өтті. Тартысты өткен біріншілікте III орынды иеленген Жосалы кенті №105 мектеп-лицейі, II орынды Ақтөбе ауылдық округі №109 орта мектебі және бас жүлдені Төреғам кентінің құрама командасы иеленді.

НЕКЕ КУӘЛІГІН ТАБЫСТАДЫ

ЖАЛАҒАШ

Отбасы күніне орай орталық аудан әкімі Асқарбек Есжановтың қатысуымен мерекелік іс-шара өтті. Аудан әкімі тұрғындарды мерекемен құттықтап, өмір баспадағын алғаш аттап, отбасы атанып жатқан жас жұбайларға неке куәлігін табыстады.

– Жалағаш топырағы бірлігі бекем, татулық пен достықты ту еткен отбасыларымен ерекше мақтанады. Құндылықтарды көзіңіз қарашығындай сақтай білетін жарасымды отбасылар – біздің мерейіміз. Аудан бойынша биыл 116 жас отау шаңырақ көтерсе, 480 бала дүниеге келді. Ал, көпбалалы отбасылар саны 1200-ді құрап отыр. «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған аналар қатары да жыл санап көбейе түсуде, – делі құттықтау сөзінде.

ТӘУЛІГІНЕ 600 НАН

СЫРДАРІЯ

Шағандық Ербол Бисенов пен Жұлдыз Бектібаева – ауылдағы кәсіпкерлікті дамытып, отбасылық бизнесті өркендеткен жандар.

Ерлі-зайыптылар 2002 жылы ауылдан дүкен ашып, шағын кәсіпкерліктен бастаған. Азық-түлік, ыдыс-аяқ, киім-кешек, оқу құралдары, шаруашылық тауарларын сатуды іске асырған кәсіпкерлер бизнесті дамыту үшін наубайхана ісін қолға алды. Сырттан дүкенге ешкім нан әкелмейді. Сондықтан наубайханадан нанның бірнеше түрі пісірілуде. 4 адам жұмыспен қамтылған. Таң атысымен басталатын жұмыс кешкі 7-8-де аяқталады. Осы күннің өзінде шағандықтарды ғана емес, көрші ауылдағы дүкендерді де ыстық нанмен қамтамасыз етіп келе жатқан наубайханадан күніне 600-ге дейін нан өнімі шығады.

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

ШИЕЛІ

«Балалар жылы» аясында аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен ерекше білімді қажет ететін 30 бала Қызылорда қаласындағы қалалық, облыстық музейлерге, ойын алаңдарына барып саяхат жасалды.

Олар өткен тарихымызды танып-білуге, жәдігерлермен танысуға мүмкіндік алды. Мағлұматтар алып, алған әсерін айтып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді.

ОТБАСЫЛЫҚ КӘСІП

ЖАНАҚОРҒАН

«Ордакент» аумағында орналасқан «Айдархан» шаруа қожалығында картоп қазу басталды.

Жас кәсіпкер Олжас Фазылов былтыр 1,5 гектар жерге картоп егіп, 60 тонна өнім алған. Биыл егістік жерін үш есеге ұлғайтып, 200 тонна өнім алуды жоспарлап отыр. «Гала» сортты картоп қысқа сақтауға өте жақсы және тәтті. Екі күннен бері Олжас Айдарханұлы кент орталығындағы «Ғани» сауда орталығының алдында жүк көлігімен осы картопты сатуға. Бір қап шамамен 40-45 келі шығады, 1 келісінің бағасы 150 теңге, ал қабымен 6000 теңгеден.

Дайындаған: Шынар БЕКБАН, «Сыр бойы»



«ҚЫЗЫЛОРДА – ЖЕЗҚАЗҒАН» ЖОЛЫНДА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Қос өңірдің халқы үшін ірі маңызға ие жолды жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы Үкімет-ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне тапсырма берді. Осыдан кейін сең қозғалды. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі атынан «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компания» АҚ тапсырыс беруші болып анықталды.

Қаржыландыру институттары арқылы қаржы қарастыру мәселесі шешімін тапты. «Қазавтожол» ұлттық компаниясы Еуропа қайта құру және даму банкімен құны 240 миллион доллар (106 млрд теңге) тұратын «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының жаңа жобасына қол қойды. Бұл қаржы Қызылорда мен Жезқазған арасындағы ұзындығы 204 шақырымдық ескі жолды күрделі жөндеуге, сондай-ақ, Қызылордадағы ұзындығы 14,8 шақырымдық айналма жолдың құрылысына жұмсалатын болады.

Қазіргі кезеңде қаржы бөлінісімен жоспарланған құрылыс жұмыстары бірден бастау алып кетпейтініне талай рет күз болып жүрміз. Бұл жолы да солай болды. Бірақ бұл бөлінген қаржыны игеру заңнама негізінде атқарылатын жұмыстарға байланысты болады және ол біршама уақытты алады.

Алғашқы кезекте республикалық маңызы бар А-17 «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автомобиль жолының «Қызылорда-Жезқазған» тас жолының 12-216 шақырымдар аралығын, ұзындығы 204 шақырымды қайта жаңарту жұ-

1-бет

мыстары бойынша жоба-сметалық құжаттар дайындалды. Одан кейін құжаттар үйлестіру кеңесінен өтті. Жоба авторлары – «СемЖолПроект» және «Қаз-ЖолПроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері.

Бұл өткен жылы атқарылған жұмыстар. Биыл жыл басынан бері жол құрылысын жүргізетін мердігер мекемелерді анықтау жұмыстары жасалды. Бұл ретте «Қыран» ЖШС (Қазақстан) (127-156 шақырым аралығы), «Қытай Азаматтық Инженерлік-Құрылыс Корпорациясы» Қазақстан республикасындағы филиалы (Қытай) (76-127 шақырым аралығы), «Гуйджоуская Дорожно-Инженерная Корпорация» (Қытай) (156-186 шақырым аралығы), «Stecol Corporation» (Қытай) (186-216 шақырым аралығы) мекемелері анықталды. Оңтүстік Кореялық «DONWA Engineering» және қазақстандық «M50 Consulting Group» мамандандырылған мекемелері жол

құрылысының инженерлік қадағалаушылары болып бекітілді.

Жобаға сәйкес ені 7 метр болатын III техникалық санаттағы автомобиль жолын ені 9 метр болатын II техникалық санаттағы жолға ауыстыру қаралған. Оның ұзындығы 204 шақырымды құрайды. Сонымен қатар 14 шақырымдық толығымен жарықтандырылған I б санаттағы Қызылорда қаласының айналма жолы және жол айрығы (транспортная развязка) салынады.

Жоба бойынша 2 ауыл-шаруашылық техникалары мен үй жануарларына арналған жол өткелін, су арналарынан өтетін 3 көпір, 2 көпфункционалды аралық бақылау (салмақ, габарит, жылдамдық) өлшейтін арқалар, заманауи жылы 5 дәретхана, 6 демалыс алаңы, 56 су өткізгіш құбыр, 10 мал өткелі, 117 жолдың қиылысуы және түйісуі қарастырылған.

«Қыран» компаниясы жол



Әрбір мәселе заң аясында шешіледі



Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов Жалағаш және Сырдария ауданы әкімдіктерінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және басқа да мәселелер бойынша тұрғындарға қоғамдық қабылдау өткізді.

Қабылдау барысында ішкі істер саласының ардагері Бейбітжан Шаханов ауылдардың учаскелік полиция инспекторларын тұрғын үймен және қызметтік автокөлікпен қамтамасыз ету, Таң ауылының ардагерлер кеңесінің төрағасы Жалғас Өмірбаев ауыл тұсына жылдамдық өлшегіш камераларын және жылдамдықты шектейтін жол белгілерін орнату бойынша ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен қатар Аққыр ауылы бағытындағы автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, ауылдық клуб салу, мектептерге полиция инспекторы штатын қайтадан қарастыру, Ақсу ауылын газдандыру, Қаракеткен ауылындағы электр желілерін күрделі жөндеу туралы мәселелер көтерілді.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Қожаниязов және аудан әкімі А.Есжанов, құқық қорғау органдарының басшылары барлық іс-шаралар заң аясында жүргізілетінін айтып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Көтерілген мәселелердің шешілу жолдарын ұсынып, құқықтық кеңестер айтылды.

Сондай-ақ, Сырдария ауданында тұрғындардың жеке

әлеуметтік мәселелерімен қоса А.Токмағамбетов, С.Сейфуллин, Шіркейлі, Аманкелді ауылдық округтеріндегі жер мәселесі және Шаған, Инкәрдария ауылдарындағы ауызсу мәселелері сөз болды. Аудан көлемінде тұрғын үй құрылысын жүргізуді сұрағандар да болды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Қожаниязов, аудан әкімі М.Ергешбаев, құқық қорғау органдарының басшылары тарапынан тиісті қолданыстағы заңдықтарға сай түсіндірме берілді. Әрбір мәселе бойынша жеке-жеке тоқталып, тиісті жазбаша жауап берілетіні айтылды.

Мұнан соң Серік Салауатұлы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан аудандық аурухананың жылу беру маусымына дайындық барысын және бу қазандықтарының жай-күйімен танысты.

Сырдария ауданы мақсатында «AsiaStroy KZ» ЖШС-мен 59,4 млн теңгеге келісім-шарт жасалып, жоба бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Техникалық қалдағалаушы – «Ақбозат LTD» ЖШС. Аталған мекеменің бу қазандығы ендігі кезекте табиғи газбен жылытылатын болады.

Бақылау босаңсымайды



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов Жаңақорған ауданында қоғамдық қабылдау өткізді. Оған қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.

Қабылдау барысында Қожакент, жер мәселесі, ақылы жол, қараусыз Жаңарық ауылдық округінің тұрғындары жүрген үй жануарлары туралы өз

мәселелерін көтерді. Облыс әкімінің орынбасары аудан тұрғындарының қоғамдық қабылдау кезінде көтерген мәселелерін жеке бақылауына алып, тиісті сала басшыларына қолданыстағы заң талаптары бойынша қолдау көрсетуді тапсырды.

Мұнан кейін Нұрымбет Сақтағанов еңбек ардагері Есалы Тұрсынбайұлын еске алуға арналған жасөспірімдер арасындағы республикалық турнирдің ашылу салтанатына қатысып, бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады.

Атап айтқанда, Жаңақорған кенті «МАИ бекеті», «Ипподром», «Саяжай» шағын аудандарындағы балалардың спорт алаңының құрылысымен, әлеуметтік нысандардың, оның ішінде «Ақбота», «Алпамыс», «Болашақ» балабақшаларының алдағы жылу маусымына дайындығы, «МАИ бекеті» шағын ауданындағы жаңа мектептің құрылыс барысымен танысты.

Сапаға сын болмауы тиіс

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов Қармақшы ауданында бірқатар құрылыс нысандарының жұмысымен танысты.

Алдымен, Ақай ауылдық округінде салынып жатқан денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын көрді. Мердігер мекеме өкіліне құрылыс жұмыстарының баяу жүргізіліп жатқанын ескерте отырып, шартта көрсетілген мерзімде аяқтауды әрі сапалы орындауды жүктеді.

Сонымен қатар Мархабат Жайымбетұлы Байқоңыр қаласына іргелес орналасқан Төретам кенті мен Ақай ауылдық округіне тартылған табиғи газдың құрылыс жұмыстарын да бақылады.

Мұнан соң, кенттегі күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан 640 орындық №85 орта мектепте болып, жауапты тұлғаларға жұмыстың сапалы әрі уақытылы орындалу қажеттігін ескертті.

Облыс әкімінің орынбасары Қармақшы ауданына жұмыс сапарында Байқоңыр қаласындағы құрылысы жүріп жатқан 5 қабатты тұрғын үйдің



жағдайы да қаперге алынды. Көпқабатты тұрғын үй «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылуда.

Мархабат Жайымбетұлы Жосалы кентіндегі «Қазақ хандығы» аллеясында «Бірге – таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында сенбілікке қатысып, тал көшетін отырғызды.

«Ауыл – ел бесігі» жобасымен №121

орта мектепте жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарын қадағалады.

Ессапар барысында қысқы жылу беру маусымына дайындық бойынша көмір тасымалдаушы жергілікті кәсіпкерлермен кездесу өтіп, халыққа қатты отынды қолжетімді бағада ұсыну, тапшылықты болдырмау мәселелері пысықталды.

«Халықтық IPO»:

Әрбір қазақстандықтың акционер атануға мүмкіндігі бар

«Халықтық IPO» мемлекетке не үшін қажет? Біріншіден, мемлекет үшін «Халықтық IPO» халықтың ақшасын ел экономикасын дамытуға тартудың бір жолы. Бүгінде азаматтар жинағының басым бөлігі Қазақстанның дамуына тікелей қатысы жоқ банк депозиттерінде. Жағдайды өзгерту үшін азаматтарға балама жол берілуі керек екені анық. Олар ақшаны депозитке салу немесе акцияларға инвестициялау арасында таңдау жасай алуы керек. Бұл ретте қазақстандықтар қаржы құралдарының ерекшеліктерін нақты түсінуі тиіс.

Екіншіден, «Халықтық IPO» маңызды міндетті шешуге – қор нарығын дамытуға көмектеседі. Халықтың бағалы қаржыларын сатып алуға белсенділігі отандық нарыққа көп ақша әкелетін ірі инвесторларды тартады. Бұл – экономикамыздың негізі.

Үшіншіден, мемлекет ұлттық байлықты ел азаматтары арасында бағдарлама арқылы бөледі. Капиталды арттырудың жана қаржылық құралы олардың әл-ауқатының өсуіне, демек, бүкіл мемлекеттің әл-ауқатының өсуіне ықпал етуі керек. Бұл Қазақстан азаматтарына салынған инвестицияның бір түрі деп айтуға болады.

Бұл ретте ел азаматтары



IPO-ға қалай инвестиция салу керек? Табыс табудың жолдары қандай? Қазақстан ұлттық компанияларының IPO-сына қалай қатысуға болады? «Самұрық-Қазына» қорының өкілдері осы және өзге де сұрақтар аясында кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру науқанын өткізуде. Сондай кездесулердің бірі А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өтті.

«Самұрық-Қазына» АҚ мақсаттарының бірі – еліміздің ірі компанияларының IPO-сына қатысуы барлық қазақстандықтар үшін қолжетімді ету. Кездесуде «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорының өкілі Дамир Ғабитұлы Үкімет пен Қордың IPO барысындағы жұмысы туралы баяндады.

Сарапшы Қордың жеке-шелендіру бағдарламасының және портфельдік компаниялардың IPO-ның іске асырылу барысымен, оның ішінде бірінші IPO-кандидаты – «ҚазМұнайГаз» компаниясына қатысты негізгі ақпаратпен таныстырады. 2025 жылға дейін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 8 ірі активі, оның ішінде IPO арқылы бәсекелес ортаға ішінара шығарылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ IPO-сы осы жылға жоспарланған.

– Айта кетерлігі, «ҚазМұнайГаз» листингке шыққаннан кейін жария компания мәртебесіне ие болады. Демек, бұрынғыдан да ашық бола түседі. Әртүрлі басқару процестері де ашық болады.

Компания «Самұрық-Қазына» мен барлық акционерлерге, оның ішінде жаңадан келген акционерлерге де есеп беріп отырады. Институционалдық және жеке инвесторлардың акцияларын сатып алудың инвестициялық тәуекелдері барын айта кеткен жөн. Олай болатын түсінікті де. Себебі, макроэкономикалық, геосаяси және басқа да сыртқы факторлар компания акцияларының бағасына теріс әсер етуі мүмкін, – деді Дамир Ғабитұлы.

2012-2020 жылдар аралығында Қордың бірнеше ірі компаниялары қазақстандық қор аландарында акциялардың листингін өткізді. «Самұрық-Қазына» портфельдік компанияларының IPO-ның табыстылығы

төленген дивидендтердің көлемімен және компаниялардың листингті басталғаннан бастап олардың нарықтық капитализациясының ұлғаюымен расталады. Мәселен, «ҚазТрансОйл» компаниясында акциялар құнының өсімі 121%-ды, KEG-OC – 281%-ды, «Қазатомпром» – 383%-ды құрады.

Жиньга қатысқандар мамандардан «Халықтық IPO» туралы, оның шарттарынан түсінікті тілде мәлімет алды. Акцияларға иелік ету қазақстандықтарға компанияның дамуы мен өсуінен пайда алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл пайданан жыл сайынғы төлемдер дивидендтер арқылы да, акция бағасының өсуі арқылы да болады.

Халықтық IPO қатысушы компанияларға да тиімді. Айталық, компанияға өндіріс көлемін арттыру үшін қаржы қажет делік. Банктен несие алу тиімсіз, артық пайыз төлеуге және мүлкті ипотеккаға алуға тура келеді. Сонымен қатар, банк белгілейтін төлем күнтізбесі бизнесті жүргізуді қиындатады. Мұндай банктік несиенің әлемдік қаржылық тәжірибеге баламасы – инвестор тарту. «Халықтық IPO» бағдарламасына қатысу үшін ең тұрақты компаниялар іріктеліп алынады. Олардың көпшілігі кірістерін ел ішіндегі

қызметі арқылы жасайды. Яғни, әлемдік нарықтағы конъюнктураға тәуелді емес.

Жиньга қатысқан облыс тұрғындары мен жергілікті өндірістік компания кызметкерлері «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Қазпошта» АҚ, «АІХ», «KASE» қазақстандық қор биржаларының және брокерлік-дилерлік ұйым өкілдерінен IPO туралы тікелей ақпарат алды.

Кездесуде «ҚазМұнайГаз» АҚ қаржылық департаментінің аға маманы Нұрдаулет Мұхамедиярұлы, «Astana International Exchange Ltd» сарапшысы Сайран Мұратұлы және «Halysk Finance» акционерлік қоғамының сату менеджері Шолпанай Серікқызы баяндама жасады.

Қор өкілдері мен іс-шараның өзге де қатысушылары жекешелендіру бағдарламасының іске асырылу барысымен және портфельдік компаниялардың IPO-сымен таныстырды. Сонымен қатар, бірінші IPO-кандидат – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы жайында, бағалы қаржы нарығындағы инвестициялаудың механизмдері мен тәуекелдері туралы негізгі ақпаратпен бөлісті. Кездесу соңында жиналған қауыммен сұрақ-жауап алмасты.

«Бесарықтың» берекесі

Шаруашылық күршіс оруды 5 қыркүйекте бастаған. Қазан айының басына дейін егін орағы толығымен аяқталмақ. Қазір қоймбайн «жеген» астық арнайы жүк көлігіне тиеліп, ауыл ішіндегі қырманға тасылуда.

2003 жылдан бері жұмыс істейтін «Бесарық» ЖШС биыл 881 гектар күршіс еккен. Шаруашылықтың мұнан өзге 400 гектардан астам жоңышқа қасы мен 15 гектар жүгерісі бар. 150 адамды жұмыспен қамтыған серіктестікте дәл осы маусымдық уақытта тағы да қосымша 20-30 адам жұмысқа қабылданып көрінеді.

– Айлық уақытылы. Әр

айдың бесіне дейін түсіп тұрады. Кешегі оқу жылы басталарда жалақыны тіпті ерте аударды. Далада жұмыс істейтін егіншілерге түскі ас беру мәселесі жолға қойылған. Бұдан өзге «Бесарық» ауылын көркейтуге біздің шаруашылықтың үлесі көп деп айтуға болады. «Бақша егемін» деген халыққа жерін жырттып, аяқсуын жеткізетіні тағы бар. Ардагерлерге ұдайы қамқорлық танытып отырады. Ауылда әрбір 80 жасқа толған қарттарымызды арнайы күт-тықтап, сый-сияпатын береді. Ең бастысы, жағдайы төмен тұрғындарға көмектесу, жоқ-жітікке қарайласу – шаруашылық азаматтарының басты



міндеті. Тіпті, сондай бір отбасыға су жаңа баспана да тұрғызып берді, – дейді бригадир ағамыз.

Бригадир мен шаруашылық төрағасы Максат Биболатовтың сөзі бір жерден шықты. Оны айтуынша, ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді серіктестік ұжымы назардан тыс қалдырған емес.

– Тұрғындарға жеңілдік есебінен жоңышқаның әр бумасын 350 теңгеден берсек, өз жұмысшыларымызға 250 теңгеден босатып отырмыз. Мұнда жоңышқа бумасы 200 данадан аспауы тиіс. Сондай-ақ қызметкерлерге қыста 2 тоннадан тегін көмір түсіріп береміз. Ауылдың тазалығына

10 адамды жұмысқа алдық. Шаруашылық есебінен 100 мың теңге жалақы төленеді. Шаруашылық қосымша мал бағытындағы жұмыстармен де айналысады. 210 бас түйе, 4 мың бас қой бар. Онда да ауыл тұрғындары тұрақты жұмыс істеді, – дейді шаруашылық төрағасы.

Айта кету керек, «Бесарық» ЖШС ауыл шаруашылығы техникаларын толық жаңартқан. Бұл – егін жинау кезінде жұмыс күшін едәуір жеңілдетіп тұр. Сондай-ақ жыл сайын жиын-терім біткен соң шаруашылық озаттары қаржылай сыйыққа мен арнайы сыйлыққа ұсынылып келеді.



Ахаңның Ақкөліне барғанда



150 АХМЕТ
ЖЫЛА БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Қыркүйек айының 2-і мен 5-сі аралығында «Сырдан Торғайға немесе Ахаңның ізімен» деген жоба аясында жолға шықты. Мақсатымыз – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық тойына қатысып, ұлт ұстазының туған жерінде бой көтерген кесенесіне зиярат ету, жаңадан салынған музейін көру. Бүкіл қазақ елі ұлт ұстазын ұлықтап жатқан жылы осы дүрмекке үн қосып, топырағына тәу етіп, рухына құран бағыштау болатын. Ашаршылық жылдары Арқадан Сыр бойына ауып келген біздің ата-бабаларымыз да Торғай өңіріндегі Ақкөлдегі Сартүбек, Шошакөлді мекен еткен. Ахмет әулетімен төскейде малы, төсекте жаны қосылған құдандалы-жесжат жандар.

Торғай өңіріне сапар шегуіміздің тағы бір себебі – Сыр өңірі мәңгілік мекені болған ата-бабаларымыздың қорымына атамекенінің топырағын әкеліп салу. Жазушы Әнес Сарайдың бір сөзі бар еді: «Алаштың өзегі – Семей, жылыны – Жымпиты, табаны – Торғай» деген. Міне, сол өңірді көру – кімнің болса да арманы.

Атамекенге 90-жылдан кейін табанымыз тиіп тұр. Ата-бабаларымыздың мекені – біз үшін де қасиетті мекен. Осы өңірдің азаматтары С.Мұқановтың «Мөлдір махабат» кітабының кейіпкерлері Бүркіт – Сұлтанбек Әбеулы, Бәтес – Бәтима Бермағанбетова, Мүсәпір – Мұстафа Көшекұлы жайлы кітапта: «Өзін көрмеген Ақкөлге жеттік. Көлдің жағасында біз төрт-бес күн тұнедік. Сонда қайран қалғанымыз – шөптесін жағасында өрген әр түсті балықтар илеудегі құмырысқадай құжынайды. Бұл не деген тегін жатқан, бірақ пайдаға аспай жатқан мол байлық» деп суреттелетін Ақкөлге де жеттік.

Баяғы мол су кеткен соң Алақөлдін айналасы жалаңаштанып, айтақырға айналыпты. Көлдің көлемі кішірейгенмен жұмыссыз қалып, атамекенін кимай тұрақтап қалғандардың нәпақасын айыруға әлі де жарап тұр.

Әуелі Сарытүбектегі Шошақ әулетінің қорымына соғып, қонсы қос ауыл – Ақкөл мен Ахмет ауылының азаматтары елдік танытып, қаржы жиып Ақтаудың мәрмәр ақ тасынан салдырған кесенесіне зиярат етіп, аруақтарға арнап Құран бағыштадық. Байтұрсынның үйінің орнына салынған музей-үйіне барып, сол жерде бізді күтіп алуға келген аталас бауырлармен табыстық. Осы жерден 40 шақырым жердегі біздің бабаларымыздың атақонысы Шошакөлге барып, бабамыз Ізбастыұлы Байжан бабамыздың басына, ойындағы көл жағасындағы жаз жайлауына барып, топырағына аунап жатып, бабалар рухымен қауышқандай күй кештік. Торғай маңындағы он алты жасынан билік айтқан Байжанұлы Бисен би бабамызға да барып зиярат етуге уақыт таптық.

Бұл сапарға аттануымызға себепші болған тағы бір жайтты әңгімелейін.

Өркениетті елдерде көненің көзі, тұлғалар тұтыңған сынық түймеге дейін қастер тұтып, кейінгіге көрсетуші, жарнамалаудың түрлі жолдарын өте ұтымды ұйымдастыру ісіне ерекше мән береді. Біздің әр тау, төбеміздің астындағы тұнған тарихымыздың қадіріне әлі жете мән бермейтінімізді жасыра алмаймыз. Ал тарихи тұлғалардан қалған құнды жәдігерлеріміз – ол жазылмаған хат, аршылмаған ақиқат. Кейінгі ұрпақтың еншісіндегі баға жетпес байлығымыз болуы керек.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы аталып өткен айтулы жылда әрбір саналы азамат осындай игі іске үлес қосқысы келеді емес пе?

Осы жылдың басында Алматыдағы музей үйінің жетекшісі Райхан Имаханбеттің: «Ахмет Байтұрсынұлының қолы тиген жәдігерлер өте санаулы. Сондай дүниелер болып жатса бізге хабарласыңыздар» деп әлем-желіге жазған хабарламасын оқып отырып, өткен күндердің тарихы көз алдыма тізбектеліп өте бастады.

Өңімені әріден бастайын. Біздің аталарымыз Сыр бойына 1932 жылғы ашаршылықта келген. Қазіргі Торғай өңіріндегі Жанкелдин

ауданындағы Ақкөл маңы – менің менің Байзақ пен оның бауырларының туған жері, атамекені. Сыр бойындағы қазіргі Қоғалықол ауылына арып-ашып жеткен отыз адамнан тұратын көш осы тұстағы Сомтемір деген жерге табан тірейді. Арқадан ауған арғын, қыпшақтарының басын қосып қызыл комиссар Әліби Жанкелдин Қоғалықол ауылының негізін құрайтын төрт қолхоздың бірі – «Молотов» колхозын құрып, осы жерге топтастырып кетеді. Сол күндердің белгісіндей болып осы Сомтемірде жерленген «Жұрымбайқызы Ақжан Жанкелдин қарындасы» деген белгі қойылыпты. Ал Ә.Жанкелдиннің інісі Томекені бала кезімізде көрдік, ауыл Жаңақтың табанында болғанда көрші тұрдық.

Ұлт ұстазының өмірбая-



нымен таныс жандар Ахмет Байтұрсынұлының туған жері Торғай өңірі Ақкөл екенін білетін болар. Біздің аталарымызбен бір жерде туып, бір жердің топырағында аунап өскен жерлес жамағайын жандар. Ал Ахмет Байтұрсынұлы – Арғынның Үмбетейі.

Біз шежіре бойынша Арғынның Олжағұл аталығына жатамыз. Осы аталықтың Тұмасының Қойсары, Байдаулет деген екі баласы болған. Байдаулеттің шөбересі Бейістің жары – Ахмет Байтұрсынұлының қарындасы Зиялаш. Ал біз Қойсарының алтыншы ұрпағымыз. ҰҚК полковнигі Бәкібай Бейісов әкемізбен тірі кезінде қатысып тұрдық. Бәкібай әкеміздің Меруерт деген қызы қазір Алматыда тұрады.

Райхан Имаханбет ханымның жазбасын оқыған соң мен Алматыдағы қарындасым Луиза Абубакированың қолында Ахмет атамыздың домбырасы барын айтып, Райханға сүйінші хабарды жеткіздім. Сөйтіп, олардың бір-бірімен байланысуына жағдай жасадым. Кейін бұл айтулы оқиға алдымен әлеуметтік желіде, кейін бірнеше газеттерде жарияланды. «Қазақ әдебиеті», газетінің 28 мамыр 2022 жылғы санында Кәусар Құрманбай деген тілші қарындасымыздың «Аханнның домбырасы – тәубік көріп, тәу етер құнды дүние» деген мақаласына көз жүгіртіп көрелік. Мақала авторы жоғарыдағы мен баяндаған жайды әңгімелей келіп:

– Енді домбыра Луиза Абубакированың қолына қалай түскен дегенге келейік. Райхан Имаханбеттің бұл орайдағы айтқаны: «Ахмет Байтұрсынұлының Зиялаш деген туған қарындасы Бейісов деген кісіге тұрмысқа шыққан. Олардың Бәкібай атты жалғыз ұлы болған. Бәкібай – Ұлттық Қауіпсіздік



комитетінде істеген, чекист. Ахметтің жиені болғаны үшін біраз қудалау көрген. Луиза 1975 жылы оқуға түсуге келгенде туыс ретінде, сол кісілердің үйіне сәлем беруге барған. Айтуынша, Бәкібайдың үйіндегі кітап сөресінде Ахмет Байтұрсынұлының суреті тұрады екен. Бірақ жас қыз Ахметтің кім екенін ол кезде білмейді. Тек былайғы уақытта суреттің беті ашық тұратынын, ал үйге бөтен кісілер келгенде бірден көзден тасаланатынын байқаған. Тағы

жасалған екен. Ахандікі болуы әбден мүмкін. Анығын мамандар айтады ғой» депті.

Ал арнайы шақырылған реставратор: «Жөндеуге болады, бірақ оған мұның күйі қаншалықты келетін-келмейтініне осы домбыраны зерттеп жүрген мамандардың қорытындысы керек» дегенді айтқан. Райхан Имаханбеттің сөзіне жүгінсек, ондай маман – Мұрат Әбуғазы. Бірақ ол қазір іссапармен сыртта жүрген көрінеді. Сондықтан музей ұжымы Мұраттың келуін

ән-күй жауһарларын жинап, кейінгі ұрпаққа жеткізуге өлшеусіз үлес қосқан. Бұл домбырамен қазақ ән-күйін зерттеп, жинақтаған Затаевичке бірнеше өнер туындыларын жаздырғаны жайлы деректер бар.

Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі жайлы бүгінгі ел таныс болғандықтан, өңімені ұзартпай ұлт үшін атқарған бірнеше шоктығы биік көрінер бірнеше ісіне тоқтала кетейін. XIX ғасырдың аяғынан бастап орыс елінің басындағылар тарапынан қазақ елін отарлауды мақсат тұтқан шокындыру саясаты жүргізіле бастады. Осы кезде Ахан араб әліппесін жасап, осы ұлттың алдын алуға орасан зор еңбек сіңірді. Қандай бір жазу болмасын ол дінмен байланысты. Латын жазуы католик, кирилл жазуы православ, араб жазуы ислам дініне негізделген.

1912 жылы қазақ әліппінің төте жазуын қолданысқа енгізу үшін «Оқу құралы» жазып қазақ әліппесінің бірінші кітабын шығарды. Сөйтіп, ғасырлар бойы ислам дінімен тығыз жымдасқан салт-дәстүрімізді сақтап қалу үшін өлшеусіз еңбек сіңірді.

1913-1918 жылдары қырғыз-қайсақ атанған жұртының атауын қайта жаңғыртып, «Қазақ» газетін шығарды. Бұл «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» ретінде оқу-ағарту ісіне қалай қызмет еткенін көзіқарақты оқырман жақсы біледі. Біздің ел азаматтары шеттегі Қытай, Иран, Монғол еліндегі қандастарымызбен осы араб әрпімен жадидше жазу арқылы ақпарат алмасып отыр. Оған дәлел 1975 жылдан бастап «Біздің Отан» кейін «Шалқар» болып аталған Алматыдан басылып шығатын газеттерді өзімізше оқып, үйреніп өстік емес пе? Осы ерен еңбегі Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлт ұстазы» деген халық қолдаған атаққа ие етіп, атағын аспандатып алып кетті.

1919 жылы 27 тамызда Бүкілресейлік ОАК-нің Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне



қарсы шығып, жазған хаты – Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болған ұлт қайраткері екенінің дәлелі.

Халық ағарту комиссиясы, ағартушы, ғалым, қоғам қайраткері, ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының атында оқу орындары, Қостанай әуежайы, ауыл атаулары, көшелер бар екенін жұрт біліп, көріп отыр. Ол – атақтарға лайық, алыстаған сайын биіктей беретін тұлға.

1925-1928 жылдары Қызылордада тұрып, Қазақ халық ағарту институтында қызмет атқарып, ұлт оқу, ағарту жұмысының көш-басшысы болған. Бұл жылдардағы ұстаздың қызметі жайлы облыстық архив қорында көптеген құжаттар бар. 1928 жылғы 16 наурыздағы халық ағарту институтының отырысының хаттамасында қаралған он мәселенің бірі «Жаңа әліппені оқу бағдарламасына енгізу» жайлы Шонановтың хабарламасына сәйкес қаулы қабылданыпты. Қаулыда жаңа әліппені оқыту үшін жетіспейтін сағаттарды басқа пәндердің есебінен толықтыра отырып, оқытуды міндеттеген. Ал көзіқарақты оқырман Аханнның Қызылордадағы кездерінде «Тіл құралы», «Тіл жұмысар», «Әдебиет танытқысы» кітаптарын басып шығарғанын білсе керек-ті. Ал Шонановпен бірге жазған «Оқу құралы» да – осы кезеңдегі ұстаздың ұлт ісіне қосқан зор еңбегінің жемісі.

Бұдан өзге Аханнның қай курстарда қазақ әдебиеті пәнінен қанша жүктемемен жұмыс жасағаны жайлы мәліметтер де кездеседі. Тіпті СССР географиясы пәнінен де қанша сағат алғанына дейін жазылған. Мемлекеттік қаржыны бақылау контролері Зарихиннің институт мұғалімдерінің, Ахмет Байтұрсынұлының бір рет денсаулығына байланысты, төрт рет өзге де себептермен дәріс бере алмаған кезінде артық төленген қаржыны институт қассасына қайтару жөнінде актісіне дейін қатталған.

Аханнның Қызылордадағы өмірі жайлы Гүлнар Міржақыпқызы Дулатова өзінің «Шынық шынар» атты кітабының 127-бетінде «Қызылордаға келісімен орналасқан үйіміз Ерғали Қасымов төренің үйі болатын... Осы үйде біз 1925 жылдан 1929 жылға дейін әкем қамалғанша А.Байтұрсынұловтармен бірге тұрғанбыз» деп жазды. Осы кітаптағы Аханнның сол кездегі бейнесін суреттейтін мына жолдардан зиялы жанның бейнесі анық көрініп тұр. «Ахмет ағай ұзын бойлы, ақ сары өңді кісі еді. Қомақты келген мұрнына салған пенсесінің кара жібек бауын оң жақ төс қалтасына алтын түйреуішпен қыстырып қоятын. Қонаққа не институтқа лекция оқуға барғанда сәнді кара костюмді киіп, галстук тағатын. Аханнды жұмысқа жеңіл фатонмен атқосшысы алып баратын. Үйдегі жұмыс кезінде ылғи көк ала, бикасап кең шапан, тақия киетін. Күндізгі төрттерде үйіне келіп, тамағын ішіп, екі сағат тынығатын. Кешкі шайынан соң түн ортасына дейін жұмыс істеп отыратын. Бұл қалыптасқан тәртібін бұлжытпай орындайтын, уақытын бір сағат та бос өткізбейтін. Бұл кісінің жұмысына кедергі келтірмеу үшін жора-жолдастары үйіне орынсыз бара бермейтін.

Ахан шаршаған кезінде, қолына домбырасын алып, қоңыр дауысымен жайлап қана сүйіп салатын әндері «Елім-ай», «Екі жирен», «Қарағөз» болатын. Қазіргі «Қыз Жібек» операсында айтылып жүрген «Қарағөз» ариясы – Ахмет Байтұрсынұлының шығармасы.

1928 жылы Қазақ халық ағарту институты Алматыға көшірілгенде Ахан да осы оқу орнымен бірге көшеді. 1929 жылы 2-маусымда Қызылордада өтетін әдебиетшілер жиналысына шақырылып, тұтқындалған. Ұлт көсемінің есімін есте қалдыру үшін ұлан-байтақ еліміздің қай түкпірінде ұлықтау шарасы өтсе де артықтық етпейді.

Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Сырдария ауданы

ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

Көрерменді сендіру — шын талантқа тән

Қазақтың театр әлемінде бағы жанған Нұрмұхан Жанторин, Асанәлі Әшімов, Ыдырыс Ноғайбаев, Құман Тастанбеков, Досхан Жолжақынов сынды өнер майталмандары жасаған тамаша образдар бүгінге дейін көрермендерінің жүрек түкпірінде сақтаулы. Осындай тұғырлы тұлғалардың ізін жалғап, театр мәдениетіне үлес қосып жүрген жандар жетерлік. Солардың бірі — Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының артисі, Мәдениет саласының үздігі Ұғым Баймаханов.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»



Оның есімі театрдың тұрақты көрермендеріне жақсы таныс. Кейіпкерімз бүгінде Сыр сахнасының төрінде орын алып, биіктен көрініп келеді. Ол театр сахнасында түрлі жанрдағы образдарды жалпақ жұртқа танытты. Кейіпкердің болмысын барынша ашып, бүгінде сырлы өнердің майталманына айналды.

Ұғым Санақұлы 1995 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің хореография мамандығына оқуға түсіп, 1999 жылы тәмамдаған. Айтұынша өнер әлеміне қадам басуына бітім берген ұстаздары ықпал еткен. Ең алғаш университеттабаддырығын аттаған сәттен ұстазы Алмас Қаржаубаевтан тәлім алып, хореография саласының қыр-сырын үйренген. Осылайша арманын мақсатқа, мақсатын шындыққа айналдыру үшін 1997 жылы университет қабырғасында оқып жүріп, «Сыр сұлуы» ән-би ансамблінің бишісі болды. Кейін Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде актер мамандығы бойынша білім алды. Оқуын тәмамдаған сәттен бастап, Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында қызмет етіп келеді.

— Университетте оқып жүрген кезеңде Алмас Қаржаубаев, Татьяна Угай, Гулбану Елубайқызы сияқты білікті оқытушылардан білім алдым. Кейін қазақ-түрік университетінің өнер бөліміне оқуға түсіп, драматург Сая Қасымбек және Қазақстанның халық артисі Райымбек Сейтметовтен актерге тән қырағылықты үйрендім. Одан соң Сыр еліндегі іргелі өнер ордасына келіп, көркемдік жетекшіміз Хүсейін Әмір-Темір ағамның бағасын алдым. Бұл кісілердің бәрі мені өнер айдынына жетелеп, ыстығы мен суығына төзуді үйретті. Әрқайсысына айтар алғысым шексіз, — дейді ол.

Айтұынша оның актерлік қабілетін жете танытқан А.Чеховтың «Шие бауындағы» Гаев ролі болды. Арнайы актерлік мектепте оқымада да, режиссердің бағыт-бағдарын бойына сіңіріп, Гаевтей күрделі рөлді тәп-тәуір алып шыққан. Сыр сахнасында Д.Исабековтің «Мұңлық-Зарлық» лиро-эпостық драмасындағы бас сакшы Шафхат, «Абай» пьесасындағы Оразбай, Тахауи Ахтановтың «Ант» пьесасында Әбілқайыр хан, С.Жүсіптің «Адам болып өтейін» спектакліндегі Дүйімқара — сан қырлы, түрлі мінезді кейіпкерлер. Р.Отар-

баевтың «Мұстафа Шоқай» драмасындағы Розенбертті, Ж.Ергалиевтің «Құлпығастың көз жасы» психологиялық драмасындағы Ержанды, О.Бодықовтың «Нартай» драмасында Ералинді ойнағанда адам тағдырына жазылған сәттерді шынайы бейнеледі. Д.Исабековтың «Ескі үйдегі екі кездесу» драмасында Айтөре, Р.Отарбаевтың «Двойник» комедиясында Бай, М.Ахундзадедің «Кетпейсің! Болды, кетпейсің!» музыкалық комедиясында сиқыршы, Иран-Ғайыптың «Қорқыттың көрі» драмасында билеуші Бек, Д.Рамазанның «Абылай ханның арманы» драмасында Қалдан серен, А.Володиннің «Кездесу мен қостасу» драмасында Никулин секілді түрлі жанрдағы образдарды көрермен көңіліне қонды.

Талантты өнерпаздың театр сахнасында шыңдалып, шеберлігі ұшталуына өнер жолында бағыт-бағдар берген ұстаздарынан бөлек ұжымдық достарының да еңбегі зор. — Ұғым — өте еңбекқор, адамгершілігі мол азамат. Отбасында, ұжымдастарының арасында абыройы биік, сегіз қырлы, бір сырлы жан. Оның таланты театрда сомдаған әрбір рөлінен жарқырап көрініп тұрады. Ерекше қасиеті кез келген қойылымда серіктесіне көмек қолын созады. Әрбір қойылымға ерекше мән береді. Халықтың көңілінен шығу үшін көп еңбектенеді. Сол үшін де Сыр сахнасында өзіндік орнын қалыптастырып, көрерменнің әркез таңғалдырудан жалықпайды, — дейді театр артисі Залипа Төлепова.

Ұғым Баймаханов сахнадағы мол ізденісі мен шеберлігінің арқасында 2005 жылы Мәдениет, Ақпарат және спорт министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 2010 жылы театрда белгіленген Т.Айнақұлов атындағы ауыспалы жүлдені иеленді. 2016 жылы облыс әкімінің Алғыс хатын, 2017 жылы «Салалық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Құрмет белгісімен» марапатталды. Ол талант иесі гана емес ұл-қыз тәрбиелеп отырған ардақты әке. Өкенің айтқан әрбір ақылы балалары мен кейінгі ұрпағына үлгі.

— Сахнада өз жауапкершілігіне алған кейіпкеріңіз жан дүниесін ашып көрсету үшін көп еңбек керек, — дейді ол.

Расында қай мамандықтың да шыңына шығу үшін еңбек керек. Ал көрерменді сендіре білу, кейіпкеріңе айналып, соның өмірін сүру — шын талантқа тән.

17 қыркүйекте Геннадий Головкин (42-1-1, 37 КО) Лас-Вегестегі T-Mobile аренасында мексикалық Сауль «Канело» Альвареспен (57-2-2, 39 КО) үшінші жекпе-жегін өткізді.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

ТРИЛОГИЯНЫҢ АҚЫРЫ



12 раундқа созылған айқас тартысты өтті. Алайда, екінші кездесудегі жағдай мұнда да қайталанып, төрешілер шешімімен Америка құрлығының мақтанышы «Канело» жеңіске жетті. Осылайша, ол екінші орта салмақтағы IBF, WBC, WBA Super және WBO белбеулерін иеленіп, абсолют чемпион атағын қорғап қалды. Сондай-ақ, осы жеңісінен кейін салмақ дәрежесіне қарамастан жасалған VoxRec рейтингінде көш бастады. Ал Головкин мұнда бесінші сатыға жайғасты.

Тартысты өткен бокс бөсекесінен соң «Сары қазақ» трилогияға қатысты ойын айтты.

«Стратегиялық тұрғыда менің тарапымнан жекпе-жектегі ақырын бастағаным қателік болған шығар. Ол айқасты қалай жүргізетінін және қалай өрбете бастайтынын көргім келді. Екеуіміз де жеңіл бастадық, бір-бірімізді күтіп бақтық. Алайда бұл процесс созылып кетті. Ал енді қыз бастағанда бәрі кеш болды. Жеңіліп қалдым деген сезім жоқ, одан сызат та түскен жоқ. Ол жеңді. Бірақ ол мықтырақ немесе жылдам болды дей алмаймын, керісінше. Трилогия осымен тәмам. Мені қолдаған барша жанға алғыс білдіремін» — деді Головкин баспасөз жиыны кезінде.

Осы жеңілістен соң Генаның атына түрлі кереғар пікір айтты, ақылын тықпалағандар көбейді. Оның

ішінде әлемдік деңгейдегі сарапшылар да, спортқа қатысы жоқ қарапайым жанкүйерлер де бар. Алайда, кәсіпқой бокстың ережесі мүлдем бөлек. Шындығына келгенде мұнда олимпиада ойындары секілді патриоттық сезім аса бір маңызға ие емес, яғни, миллион доллар қанжығана байланса, оның өзі кәсіпқой спортшы үшін жеңіс емес пе? Біраз жолды артақтап, мансабы аяқталар тұсында ешқандай спортшы ондай сыйақыдан қағылмаса керекті. Бұл жерде «Ена намысқа тырыспады, барлығы ақша үшін болған қойылым болды» дегуе келмейді. Қанша жерден мықты былғары қолғап шебері болса да, қырық жасында өзіннен әлдеқайда жас, энергиясы мол боксшыға төтеп беру оңай шаруа емес. Сондықтан Генаны кінәлау қателік болар. Оның үстіне ол осыған дейін мықтылығын талай мәрте дәлелдеп, Қазақстанның атын әлемге танытты. Шаршы алаңда кеуде соққан талай спортшының мысын басып, қазақтың абыройын асқаттағты, мықтылығын мойындатты. Осының өзі неге тұрады? Қорыта айтқанда, қазақ спортшында Генаның ойып алар орны бар және ол ең мықты қазақ спортшысы болып қала бермек. Қазір біз алаңда керек жайт — Головкиннің жеңілісі емес, енді қазақтан оның орнын басатын мықты спортшы шыға ма, шықпай ма, сол болуы тиіс.

Теннис үстеліндегі тартыс

Әйтеке би спорт кешенінде Қазалы ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Құрметті жолшысы, «Автожол үздігі» Ботабай Рыстығұловты еске алуға арналған үстел теннисінен ашық турнир өтті.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»



Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхтар Оразбаев құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

— Бүгінгі аудандық турнир Қазалының өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан ардақты азаматтың өнегелі өмір жолдарын ұлықтауға, бұқаралық спортты дамытуға мол мүмкіндік береді деп ойлаймын.


Ботабай Рыстығұловты аудан тұрғындары темірдей тәртіпті талап ететін теміржол саласында басшылық қызмет атқарған азамат ретінде жақсы таниды. Сондай-ақ, ол аудандық партия, Кеңес органдарында, поселкелік және қалалық кеңес атқару комитеттерін басқарып, жемісті еңбек етті. Зейнет демалысқа шыққан соң да туған жердің жанашыры ретінде аудандағы әрбір істің басы-қасынан табылып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосты, — деді аудан әкімі.

Мұнан соң қоғам қайраткері, «РЗА» АҚ президенті Самұрат Имандосов, ҚР спорт және мұрағат комитетінде тіркелген Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Жарыс жүлдегерлері мен жеңімпаздарына Б.Рыстығұловтың отбасы дайындаған қаржылай сыйлықтар мен медаль, кубоктар табыс етілді.

ҚАЛА КҮНІ

«Қызылорда - менің көзімнен»



Суретері түсірсең Нұрболтап НҮРЖАҚЫБАЙ